

**Қазақстан Республикасының аумағында Жүзетін бұрғылау қондырғыларының конструкциясы мен жабдығы жөніндегі кодты қолданысқа енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 мамырдағы N 417 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Халықаралық теңіз ұйымының Ассамблеясы өзінің он бірінші сессиясында 1979 жылғы 15 қарашадағы А.414(XI) қарарымен қабылдаған Жүзетін бұрғылау қондырғыларының конструкциясы мен жабдығы жөніндегі код Қазақстан Республикасының аумағында қолданысқа енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Халықаралық теңіз ұйымының Бас хатшысын Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының аумағында Жүзетін бұрғылау қондырғыларының конструкциясы мен жабдығы жөніндегі кодты қолданысқа енгізгені туралы хабардар е т с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*